Нұрлан ОРАЗАЛИН,
ақын, драматург,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

ТҰҒЫРЛЫ ТАҒДЫР ИЕСІ

Соңғы жылдарда өмірден озғанымен, артына кейінгілер оқи жүрер, керектісін көңіл тезіне салып, тоқи жүрер айтулы мұра қалдырған ардақтылар жайлы естелік жазу, немесе сол кісілер туралы көзі тірісінде әріптестерінің, замандастарының, қаламдастарының әркезеңде айтқан, ақ қағаз бетіне түскен пікірлерін құрастырып, кітап етіп, оқырманға ұсыну мәдениеті қалыптаса бастады. Бұл, сөз жоқ, игілікті құбылыс. Менің ойымша, бұл тек әлгі тұлғаның өмірдегі орны мен қоғамдағы салмағын тануға, бағалауға себі тиер ақиқат айнасы ғана емес, сонымен қатар, бұл замана, дәуір, уақыт шындығын екшеуге, таразылауға, талдауға мол мүмкіндік берер қоғамдық пікір-танымының өрісті, өнегелі мектебіне айналып отырған тарихи қажеттілік екенін де мойындауға тиіспіз.

Міне...

Қалың оқырманның кірпияз талқысына ұсынылып отырған мына кітап – сондай өнегелі басылымдар қатарын толықтыра түсер, өмірден ерте өткенімен, артына мол әдеби-ғылыми мұра қалдырған, өзін білетін жүздеген әріптестерінің, мыңдаған шәкірттерінің көңіл-көкірегінде, сана төрінде сәулелі сипаттарымен, табанды мінез-құлқымен сақталған алғыр ойлы, адал бітімді Адам – профессор Темірбек Қожакеев хақындағы, замандастары-

мыздың замандас хақындағы толғаныс, тебіренісі. Жинақ ақжарыла баға беру, ақтарыла сөйлеу мәнеріндегі ұжымдық сөз болып шыққан.

Кітаптың алғашқы беттері академик Зейнолла Қабдоловтың ел аузында кең жайылған атақты "Мықшеге" мақаласымен басталады. Әдебиетте ғана емес, күнделікті өмірде, қызметте ұзақ жылдар бойы қатар болған, әзіл-қалжыңдары жарасқан, тіршілік атты тереңге де бірге сүңгіп, жан жайлауының қуаныш-шуағын да қатар жүріп бөліскен өзінің сырмінез, сыралғы досы жайлы Зекеңнің қай кездегідей ұтқыр айтылған ұтымды сөзімен, тауып айтылған тартымды ойларымен басталып, соңы көрнекті ғалымнан, ұлағатты ұстаздан дәріс алған Темекеңнің талантты шәкірттерінің бірі, ақын Нұрлан Қалқаның күнделік жазуларымен аяқталатын осынау алтын сақадай үйірілген қомақты дүниені оқып отырып, оқырманның бей-жайы қалмасы анық.

Әсіресе өмірінің бар саналы сәт-сағаттарын әдебиет дейтін киелі әлем мен ұстаздық дейтін үлкен ұғымға арнаған жанның кісілік мінез-қалыбын, ғалымдық терең танымы мен білімдарлығын, талғам-тәлімін жақыннан жүріп, танып-білген адамдардың өз көкіректеріндегі Темекең бейнесін бедерлеп өруіне, оның ғылым дүниесіндегі тындырғаны мен бітіргенін, тұлғалық сипаттарын тануға көп көмек беретін дәйекті тұжырымдарына еріксіз сүйсінесіз. Кітап күні кеше ғана өзі де, сөзі де қанатты құстай алып-ұшып арамызда жүрген, жақсы нәрсені аңғарса, көзінен шуақ пен нұр жарыса шашырап, әдебиетке, ұлтқа, ұлттың дәстүрі мен мектептеріне тікелей қатысты ірілі-ұсақты кәсіби әңгімелердің қашан да, қай-қайсысының да төрінен көрінетін, жаман, жайсыз әңгіме естісе, көзі от шашып, өңі күреңіте құбылып, бет-жүзіңе қарамай, ойын, пікірін жасырмай тура айтып, төтелей шабатын, өз шындығы үшін өртке түсуге әзір тұратын, болмысы мен бітімі, жаны мен

жаратылысы ерекше, филология ғылымдарының докторы, профессор, қазақ топырағындағы сатира, юмор дейтін таң-тамашасы мол, қонса таңдап жүріп, ілуде біреуге қонатын, күлкісінде уыт көп, түр-түсінде суық көп ерекше жанрды жеріне жеткізе зерттеген, өзі де осы жанрдың машақатын бір адамдай көріп, бір адамдай ауыр жүгін өрге сүйреген қайран Темекеңді – Темірбек Қожакеевті алуан-алуан қырынан көз алдымызға елестеді.

Тағылымы мол бұл жинақ ғалым, ұстаз, тарихшы, публицист, сатирик, қайраткер, дос, әке, ата, ең соңында, ел көңілінде үлкен әріппен жазылуға толық қақысы бар Азамат Қожакеевті талдауға, тануға, саралауға, даралауға, қысқасы айтулы ғалым, ардақты ұстаз әлемінің айдыны мен айбынын, ақиқаты мен аңызын білуге көмектеседі. Ғалым, ұстаз хақындағы естеліктер мен әралуан мақалалар томтамасын оқып отырып, әрбір оқырман Темекең дейтін ақ жүрек ағамыздың, адал достың, қарымды қаламгердің, зерделі замандастың, ғұлама ғалымның, былайғы жұрт сирек білетін тамаша қасиеттерінен, өмірінің әр жылдардағы күнгейлі, көлеңкелі сәттерінен, кезеңдерінен мол мағлұмат алады.

Халық өмірінде, қоғамдық ойлаудың жаңа сатысына көтерілуінде, ұлттық сананың түбірімен түлеп өзгеруінде айырықша орын алған Желтоқсан оқиғасының ғалым, ұстаз тағдырына қалай әсер еткені, ізін қалдырғаны – бүгінде тарихқа айналып бара жатқан ақиқат. Рахманқұл Бердібаев мақаласынан біз осы бір өрті мен дерті әлі саналардан кете қоймаған кезеңнің ащы сабақтарын сезгендей болсақ, Рымғали Нұрғалиев талдауынан әдебиеттану ғылымындағы сатира мен юмор табиғатын танып, тиянақты зерттеудегі Қожакеев шыққан биіктің сыры мен сымбатын аңғарамыз. "Сегіз қырлы, бір сырлы" ғалым жаратылысының тағы бір қырын – тарихи танымдық қырын жарқырата ашып, жан-жақты қарастыратын Кеңес Нұрпейісов мақаласының оқырманға – ғалымның тарихи

танымен зерделеп, танушыларға берері мол. Сондай-ақ Темірбек Қожакеевтің жалпы әдебиеттану ғылыми мен қазақ журналистикасындағы, республика жоғары мектебіндегі өзіндік орнына тоқталған Жанғара Дәдебаевтың, сөз саптау, сөйлем құрау, стилистика саласына қатысты ғалым еңбектерінің ұлан-асыр қырларын жан-жақты әңгіме ететін Мырзатай Серғалиевтің ойлы мақалаларын атап айтуға болады. Әрине Темірбек Қожакеевтің ұжымдық портретін жасауға мейлінше мол үлес қосқандардың бәрін бұл арада түгендеп жату мүмкін емес. Қарымды қаламгерлер мен майталман журналистер, қайраткерлер, замандастар, достар, шәкірттер... Тізім мол. Асып артылады. Дегенмен Серік Әбдірайымов, Мамадияр Жақып, Көпен Әмірбек, Ғаббас Қабышұлы, Мыңбай Рәш, Нұри Мұфтах (марқұм), Үмбетбай Уайдин, Әбдеш Қалмырзаев, Ахат Жақсыбаев, Арғынбай Бекбосын, Төлен Қаупынбаев, Тілеубек Көлбаев, Рақымжан Тұрысбеков, Жолтай Әлмешұлы, Қайнар Олжай, Амантай Шәріп, Тоқтар Бейісқұлов, Бейбіт Исабаев т.т. ел таныған азаматтардың ойлы толғаныстары, талдау- тұжырымдары халқына қадірлі болған ардақты жанның өмір сүру принциптері мен ғылымдағы табанды мінезін, адамгершілік қасиеттері мен ешкімге ұқсай бермейтін тұлғалық сыр-сипаттарын екшеуге, електеуге, бағалауға, саралауға мүмкіндік береді.

Кітап қазақ көркем сөзі мен қазақ журналистикасының өсіп-өркендеген, дамып-қалыптасқан кейінгі кезеңдерін Темірбек Қожакеев есімімен байланыстыра отырып, тарихи танымымызды, кәсіби тағлымымызды байытар жаңа пікірлерге, дәйекті тоқтамдарға жол ашады. Естелік, мақалалардың дені нақты деректерге, ғылыми фактілерге, байсалды байыптарға, тағылымды талдауларға табан тіреп, арқа сүйейді.

Бұл мәдениеттілік пен әдептіліктің нышаны.

Сонымен...

Бір дәуірдің қызығы мен қуанышын, қасіреті мен қайғысын қатар жүріп, қатар өткеріскен, жастары әралуан болғанымен, өз обьектілеріне деген көзқарастары, көп орайда, тоқайласа табысып жатар қаламдастар мен замандастардың шынайы ұжымдық сипаттағы Темірбек Қожакеев бейнесін жасау үрдісі өз мәресіне мағыналы, мәнді жүйелі жолмен әдемі жеткен. Ұстаз, ғалым, азамат хақындағы осынау салиқалы, сапалы сөздің ойлы оқырманның сұранысына жан-жақты, толық жауап береріне еш күмәніміз жоқ. "Аруақ риза болмай, тірі байымас" дейді дана халқымыз. Бар саналы өмірін әдебиетке, әдебиетті тануға, танытуға, қазақ журналистикасының өрісін кеңейтіп, еңсесін биіктетуге арнап өткен ұстазымыз Темекеңнің – профессор Темірбек Қожакеевтің тұғырлы тағдыры кім-кімді де ойлантар, толғантар деген ойдамыз.

Сондықтан...

Елі мен Жұртына есепсіз қызмет еткен ер тұлғалы еңселі жанның аруағы риза болсын дейік.

Дерек көзі:

Темірбек Қожакеев: Ұстаз. Ғалым. Қайраткер. Естеліктер / Құраст. Мадет Қожакеев. – Алматы: «Мирас» баспасы, 2016. – 3-6-беттер.